

Қазіргі таңда қоңыраулатып жүріп, он екі үш саяси партия құрап алдық. Кейбірінің көсемі Парламент Мәжілісінің депутаттығына өту үшін ақ тер-көк терге түсіп жатқаны да жасырын емес. Ал, саяси партиясының атқарған ісіне көз салсаңыз, құр сағымға кезігесіз. Нақтысы түгі жоқ. Кейбірінің көшбасшысы депутаттыққа қол жеткізгенше халықтың, әсіресе қайран қазақтың шақшадай бастарын шарадай етеді. Уәдені үйіп-төгіп, алдап-сулауға келгенде алдарына жан салмайды. Сірә, ант-су ішуді Үкіметтен үйренсе керек. Сонда, Үкімет пен саяси партия егіз ұғымға айналғаны ма? Бір қарағанда солай. Сенбейін десеңіз Үкімет те алдайды, кей саяси партия соның кебін киеді. Депутаттық мандатты иеленгенше халыққа – сайлаушыларына үлде мен бұлдеге орайтын уәде беріп, Парламент босағасын аттай сала жауырды жаба тоқитындар да болды-ау арамызда.

Зерделей үңілсек, Үкіметте де шаш алудың орынына бас алатын, қоғамды сауықтырудың есесіне сазға батыратын, тақ үшін халқын табанына таптап өтетін "депутаттар" бар екен. Соның бірі – Білім және ғылым министрі Жақсыбек Күлекеев. Антон атамыздың, әйгілі Чеховтың Хамелионныңдай кей депутат қалай құбылса, ол да солай құбылады. Бәлкім, біріне аузына түкіртіп алды ма? Ауылдағы өзі оқыған мектебінің құлап тұрғанына қуанып жүрген Күлекеев оң ағатын өзенді теріске күбүреуға құштар екеніне көбіміз күб. Мансапқорлықпен қоса мақтаншақ па деп те қалдық. Мансапқорлығы – мектебінің құлап тұрғанына

қуанғаны болса, мақтаншақтығы – "2015 жылға дейін білім жүйесін реформалау" бағдарламасын жасап айды аспаннан бір-ақ шығарды. Сөйтті де, теледидардан "Жоғары оқу орындарының оқытушыларының өз еңбектеріне лайық жалақы алу үшін оқытудың бағасын кем дегенде екі-үш есеге көтеру керек" деп жалпақ елге жар салды. Жоғары оқу орнына ауылдан аттанғанын ұмытып кеткен Күлекеев мырза таққа отырған соң қаладағылар болмаса, ауылдағы небір таланттың төбесінен жай түсірінен жасқанбады. Тіпті, қаншама ата-ананың

емес, айналып өтті. Келер жылы қаншаға шарықтары өзiрге Күлекеев мырзаға, сосын бір Аллаға аян. "Бұлақ көрсең көзiн аш" деушi едi, Жақсыбектiң бұлақ көзiн бiтеуге жаны құштар секiлдi.

Бұлақ көзiн бiтеп, келешек ұрпаққа қиянат жасауды былай қойғанда, айды аспаннан шығарған бағдарламасындағы 14 - категорияның ендi оқушылары республика олимпиадасын жеңiп алған мұғалiмдерге ғана берiлiп, өзгелерiнiкi төмендетiледi дегенi естiнi есiнен тандырары хақ. Сонда министр мырзаның мақсаты ебiн

на ауыз салуына не жорық?!

Бұл күнде не көп, бiлiм ордасы көп. Бұл тұрғыда елiмiз бүкiл Еуропадан асып түстi. Егер оқуды саудалап, бизнес көзiне айналдырса асып түспей қайтсiн. Көбi жеке – меншiк. Лицензия деген желеудi және тапты. Лицензия алады да оқуды бастап кеп жiбередi. Елiмiздiң келешек мамандарын тәрбиелеудi теңгеге табындырып қойған Үкiметiмiзге өкпе-наз айтқың-ақ келедi. Тыңдар құлақ табылса, мұңынды шаққанға не жетсiн. Ең сорақысы сол, студенттердi теспей сорып, сапасыз



БИЛІКТІҢ БЕДЕЛІ ҰРПАҚҚА СОР немесе

"Қазақстан Демократиялық партиясының" төрағасы Мақсұт Нәрікбаев "Мұғалім туралы" және "Студенттер мәртебесі туралы" Заңдар қабылдануға құлшына кіріссе, Білім және ғылым министрі Жақсыбек Күлекеев, әсіресе ауыл мұғалімдерін қыспақ алып, студенттерді қанамақ па?

маңдайына біткен перзентін оқыта алмай аһ ұрарына да ой қармағын тастамады. Қоғам іргетасын берік қалау болашақ ұрпақтың үлесінде екеніне, ол үшін бар қамқорлық жасау қажеттігіне мән берудің орнына, Хамелиондай құбылуды артық санады. Кейіннен, ненің әсері тигенін қайдам, оқу ақысын біртіндеп қымбаттатамыз, яғни биыл он сегіз мың теңгеге ғана өседі дегенді бет жүзік ете бастады. Ауылдағы ата-анасының көрпелері басына тартса аяғына жетпес көген көздеріміздің оқи алмасын ұқпады

тауып, жігін жауып оқушылары жеңімпаз еместердің айлығын азайту ма? Бағдарламаға сүйенсек, педколледж төмамадаған бастауыш сынып мұғалімдерінің де жоғарғы категориясы желге ұшпақ. Есепқисапқа жүйрік министр теңге үнемдеудің жолын ессылай таппақ па? Тегінде, солай-ау. Әйтпесе, жоғары оқу орны мұғалімдерінің айлығын студенттерді қанаудан (негізінде ата-анасын) өсіруді көздеп, онсыз да қысқа жіпті күрмеуге келтіре алмай жүрген ауыл мұғалімдерінің азын-аулақ айлығы-

мамандар даярлап жатқандарына тоқтам жасаудың есесіне келесі жылы да бірнеше жоғары оқу орынын ашуды жоспарлап отырғандары. Одан Жақсыбектің мұрты майланып, көңілі жайланар десек те, қоғамның келешек ұрпағына тигізер не пайда? Тағы да студенттерді теспей сору ма? Міне, Білім және ғылым министрлігінің күні ертеңі мамандарды тәрбиелеу, өмірге баулуғағы іс-әрекеттері осындай толғанысқа ұшыратса, "Қазақстан Демократиялық партиясы" "Студент мәртебесі туралы"

Заң қабылдайтын кез жетті деп бұл мәселені жандандыруға, жастардың жарқын болашағын жасуға үлкен ұмтылыс танытуда. Сонда саяси партия төрағасы Нәрікбаев мырза студенттердің құқықтарын қорғауды, азаматтық белсенділігін көтеруді көздеп отырса, Күлекеев мырзаның бүйректен сирақ шығаруды мақсат тұтқанын қалай түсінуге болады?

Егер министрлік реформаны мамандық иесі атанғанша ата-анасының алақандарына қарайтын студенттерді алқымнан алғанша, бала бақшадан, орта мектептерден бастаса көп нәрсе ұтар ма еді. Нағыз реформа биыл 250 мың оқушы мектеп табылдырығын атаған осы бағытқа ауадай қажет. Ал, мектеп санының өлі күнге аз екенін, көбі заман талабына сай еместігі шағын мақаланың аясына сыймас өз алдына жеке әңгіме. Үкіметтің басқаға ақшаны судай шашса да, бұл салаға қажетті қаржы қимай отырғаны да көңілге қаяу салады. Ақшасыз реформа жасау қу тақырға бидай егемін деумен тең.

"Қазақстан Демократиялық партиясының" төрағасы Нәрікбаев мырзаның "Мұғалім туралы" Заң қабылдауға бастама көтеріп, оны толыққанды жүзеге асырудағы мақсат-мүддесі – етектен тартар кемшіліктерге жол бермеу, мұғалімдердің мұн, мұқтажын занды, әлеуметтік тұрғыда қорғау. Әрине, "Қазақстан Демократиялық партиясының" мұғалімдердің мәртебесін қамтитын азаматтық заң қабылдауды көздеуі ұлағатты мәселе. Ал, Күлекеев мырзаның көздегені не? Ауыл мұғалімдерін шәмштен қағып, ата-анасын перзентінің оқуы үшін төлейтін ақшаны қымбаттатқан үстіне қымбаттата түсу ме?!